# Ш Е Ш І М
# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН

2023 жылғы 1 желтоқсан № 4712-23-00-2/3725 іс Ақтау қаласы

Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.О.Аташева сот ғимаратында, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібінде азаматтық істі қарады:

**ТАЛАП ҚОЮШЫ:**
Маңғыстау облысының білім басқармасының Ақтау қаласы бойынша білім бөлімінің «№17 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

**ЖАУАПКЕР:**
Жеке кәсіпкер «Усенова» басшысы Усенова Шарбану Мырзакерімқызы

**ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:**
1.Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы
2.Тұрақсыздық айыбын өндіру

**ҚАРАР БӨЛІГІ:**

АПК-нің 267-4, 223-226 - баптарын басшылыққа ала отырып, сот

**ШЕШІМ ЕТТІ:**

Талап қоюшы Маңғыстау облысының білім басқармасының Ақтау қаласы бойынша білім бөлімінің «№17 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жауапкер жеке кәсіпкер «Усенова» басшысы Усенова Шарбану Мырзакерімқызына мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюы – қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «Усенова» басшысы Усенова Шарбану Мырзакерімқызы мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Құжатқа қол қойылған: Аташева А. О., 08.12.2023
Заңды күшіне енген күні: 16.01.2024, судья Аташева А. О., 16.01.2024
4712-23-3-1/3713

Жеке кәсіпкер «Усенова» басшысы Усенова Шарбану Мырзакерімқызынан мемлекет пайдасына 6 672 (алты мың алты жүз жетпіс екі) теңге тұрақсыздық айыбы, 1 792 (бір мың жеті жүз тоқсан екі) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатын туралы тиісті түрде хабарландырмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шығарылған шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде апелляциялық тәртіппен тараптар шағым жасауы немесе прокурор өтінішхат беруі мүмкін.

Судья А.О.Аташева

Құжатқа қол қойылған: Аташева А. О., 08.12.2023

Заңды күшіне енген күні: 16.01.2024, судья Аташева А. О., 16.01.2024

712-23-3-1/3713